

Исаев Абдінабі Исаұлының
6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
«Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу
іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау» тақырыбындағы
диссертациясына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

p/ н №	Критерий лер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссера ция тақырыб ының (бекіту күніне) ғылымны ң даму бағыттар ына және/нем есе мемлекет тік бағдарла маларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының білім берудегі зандық құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Тақырыпты ашуда ҚР Үкіметінің 2021 жылы бекіткен «Білімді ұлт» ұлттық жобасында көрсетілген міндеттің бірі «Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру», Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көрсетілген болашақ мамандарды даярлау талаптарын қанағаттандыру, ҚР «Білім туралы» Заңында көрсетілген педагогикалық бақылауды жүзеге асыру мен «Педагог» кәсіби стандартында көрсетілген мұғалім даярлығын қамтамасыз ету мәселелері негізге алынған. Аталған құжаттардағы міндеттер бүгінгі қарастырылып отырған ғылыми жұмыстың өзектілігін айқындайды. Өйткені, оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау – оқыту үдерісін өнімді және кері байланысты қамтамасыз етеді, соған сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау талап етіледі.</p>
	1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылаты		Абдінабі Исаевтың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым

		<p>н жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация</u> <u>Қазақстан</u> <u>Республикасының</u> <u>Үкіметі жаңындағы</u> <u>Жоғары ғылыми-</u> <u>техникалық</u> <u>комиссия бекіткен</u> <u>ғылым дамуының</u> <u>басым бағытына</u> <u>сәйкес (бағытын</u> <u>көрсету)</u></p>	<p>дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>2. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>A.Исаевтың қол жеткізген ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына: соның ішінде оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау, болашақ жаттықтыруышы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мәселелерін шешудегі психологиялық, педагогикалық, әдістемелік саладағы теориялық білімдердің дамуына айтартықтай үлес қосады. Өйткені:</p> <p><i>Біріншіден</i>, диссидент зерттеу жұмысында болашақ жаттықтыруышы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауды зерттеу мен жүзеге асыруға негіз болатын теориялық-әдіснамалық бағдарларды анықтаған.</p>

Екіншіден, «окушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау» ұғымын нақтылау барысында «бақылау», «педагогикалық бақылау» «окушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеті» ұғымындарының мәнін айқындаған. Сонымен қатар, оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бағалаудың жүйе құраушыларын анықтаған.

Үшіншіден, «болашақ жаттықтыруышы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы дегеніміз - олардың бұл іс-әрекеттің мәнділігін түсінуін, педагогикалық бақылауды жүзеге асыру алгоритмі бойынша кәсіби даярлық білімдері мен іскерліктерінің жиынтығын, оларды практикада қолдана білуімен анықталатын кәсіби мәнді тұлғалық қасиетінің қалыптасуын құрайтын курделі біртұтас білім» деп авторлық анықтамасын берген. Оның құрылымын сипаттаған. Аталған диссертацияда олар білім, іскерлік және жеке тұлғаның сапалық қасиеттері түрғысынан көрсетілген.

Сонымен қатар, болашақ жаттықтыруышы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың төрт құрамдас бөліктен тұратын құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеген. Модельді жүзеге асырудың тиімділігін айқындастырып, психологиялық-педагогикалық, ұйымдастыру-әдістемелік шарттарды іс-әрекеттер жиынтығынан тұратынын қарастырған. Болашақ жаттықтыруышы-оқытушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштерін және деңгейлерін

			<p>(жоғары, орта, төмен) анықтаған.</p> <p>Төртіншіден, ақыл-ой іс-әрекетін кезеңдеп қалыптастыру теориясына сәйкес болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесі әзірленген және оның практикадағы тиімділігі расталған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Абдінабі Исаевтың диссертациялық жұмысы өз бетімен дербес, түсінікті ғылыми тілмен жазылған еңбек. Жұмыс мазмұны ұғынықты, жоғары деңгейде жазылған. Диссиденттеориялық тұжырымдарын қалыптастыруды, оларға қатысты оку материалдарын, зерттеулерді жан-жақты талдаған, өзіндік ойын түйінде берген. Зерттеудің негізгі ұғымдарын өз түсініктерімен, авторлық анықтамасымен нақтылаған.</p> <p>Сонымен қатар, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлауды жүзеге асыру мақсатында болашақ педагогтарды даярлаудың теориясы мен практикасы карастырылған. ТМД, Қазақстандық және алыс шетелдік ғалымдар еңбегіне терең талдау жасаған, зерттеулер бойынша өзіндік оймен қорытындылаған. Тәжірибелік-эксперименттік жұмысын дәлелді фактілермен баяндаған. Көп жылдық ЖОО педагогикалық тәжірибесі негізінде мәселені шешудің жаңа жолдарын ұсынған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертация өзектілігінің <i>дәлелі негізделген</i>. Зерттеу барысында диссиденттың мемлекеттік бағдарламаларға, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге және практикаға жасаған терең талдауы нәтижесінде болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-</p>

		<p>жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауга даярлауды зерттеу қажеттігі мен осы процесті ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыру барысында бірқатар қарама-қайшылықтарды анықтаған. Олар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - окушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін, олардың дене мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасуын бақылау мен бағалауга қоғамдық сұраныстың болуы мен жаттықтырушы-оқытушылардың педагогикалық бақылауга даярлығының жеткіліксіздігі арасында; - болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың окушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауга даярлау қажеттілігі мен оның теориялық тұрғыдан негізделмеуі арасында; - жоғары мектеп оқу-тәрбие үдерісінің болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды окушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауга даярлау мүмкіндіктерінің болуы мен ол бойынша әдістеменің жеткіліксіздігі арасында. <p>Бұл қарама-қайшылықтар диссертациялық зерттеу мәселесінің өзектілігін негіздейді.</p>
--	--	---

	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын <i>толық көлемде айқындайды</i>. Атап айтқанда, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оку-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауды психологиялық-педагогикалық проблема түрғысынан теориялық-әдіснамалық негіздеу арқылы, «окушылардың оку-жаттығу іс-әрекеті», «бақылау», «педагогикалық бақылау» ұғымдарын айқында отырып, «окушылардың оку-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау» ұғымын нақтылайды, педагогикалық бақылаудың жүйе құраушыларын сипаттаумен негіздейді; окушылардың оку-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудың ерекшеліктерін анықтап, аталған даярлықты нәтижелі жүзеге асырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлейді және оны жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық, ұйымдастырушылық-әдістемелік шарттарын айқындайды; даярлаудың әдістемесін әзірlep, оны тиімділігін тәжірибелік-экспериментте тексерістен өткізеді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертант зерттеу проблемасын шешуде «Болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оку-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауды теориялық түрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оны эксперимент жүзінде тәжірибеден өткізу» мақсатын қояды. Оның әрбір зерттеу міндеті осы мақсаттан туындейды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оку-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың теориялық-

		<p>әдіснамалық негіздерін айқындау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау» ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылау; - болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың күрылымдық мазмұндық моделін әзірлеу; - болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.
4.4.	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен күрылышы логикалық байланыскан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>тольық байланыскан;</u> 2) жартылай байланыскан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертация үш бөлімнен, 9 параграфтан тұрады. Олардың әрбір параграфтары бөлімдеріне сәйкес және бір-бірімен өзара логикалық байланыста күрылған. Атап айтқанда, <i>бірінші бөлім</i> болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың әдіснамалық негіздерін айқындауға арналса, <i>екінші бөлім</i> даярлаудың теориялық негіздерін айқындауға, ал <i>үшінші бөлім</i> даярлаудың әдістемесі мен тәжірибелік-эксперимент жұмысының мазмұнын және динамикалық даму нәтижелерін баяндауға арналған.</p>
4.5	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 	<p>4.5. Зерттеу барысында автордың салыстырып жүргізген және бағалаған шешімінде <i>сыни талдау бар</i> екені, «бақылау», «педагикалық бақылау», «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеті», «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау», «болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы» ұғымдарын нақтылауда <i>ғалымдардың берген</i></p>

		3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	анықтамаларына, ғылыми еңбектердегі түсіндірмелерге талдау жасауы (2-бөлім, § 2.1, 2.2) негізінде өз анықтамаларын беруімен, ұғымның құрылымын негіздеуімен және зерттеу проблемасын шешуді мазмұндаумен, модель әзірлеуімен және оны жүзеге асыру шарттарын айқындаумен (2-бөлім, § 2.2, § 2.3, Сурет 2), әдістемесін жасауымен (3-бөлім, § 3.2) негізделеді. Автордың зерттеуі тұрғысынан педагогикалық бақылаудың жүйе құраушылары (2-бөлім, § 2.1, Сурет 1) өзара байланысы арқылы айқындалады.
5.	Ғылыми жаңашыл дық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Диссидент А.И.Исаевтың зерттеу барысында алған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p> <p>Диссиденттың қол жеткізген бірінші нәтижесі жаңа, себебі, заманауи білім берудегі өзгерістерге жауап беретін кәсіби білім беру жағдайында болашақ мамандарды даярлау қажеттілігі көрсетілген және болашақ спорт педагогтарын педагогикалық бақылауға даярлау бағытындағы ғылыми жұмыстар зерделенген (1-бөлім, § 1.1) және олардың бағыт-бағдарлары анықталған; болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауды зерделеуде және жүзеге асыруда басшылыққа алынатын әдіснамалық тұғырлардың (үдерістік, жүйелілік, іс-әрекеттік, тұлғалық, құзыреттілік) сипаттамалары мазмұндалған (1-бөлім, § 1.2); оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау үшін ЖОО әлеуетінің қажеттілігі және оның негізгі құраушылары айқындалған (1-бөлім, § 1.3).</p> <p>Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген</p>

		<p><i>екінші нәтижесі жаңа, іс-әрекеттің күрылымы мен оқушылардың оқу-жаттығуларының мазмұнына сәйкес оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін «дene қозғалыс жаттығуларын сәтті орындаудағы және дene сапалары (қасиеттері) мен дайындығын жетілдірудегі саналы әрекеттердің бірлігі» деп анықтауы (2-бөлім, § 2.1) негізінде, оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау дегеніміз «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетінің барысын қадағалау мен нәтижесін анықтау және тиімділігін арттыру мақсатында дene шынықтыру және спортпен шұғылданушылардың дene жағдайы туралы ақпарат алу үдерісі» деп анықтап, негіздеуі (2-бөлім, § 2.1), педагогикалық бақылаудың жүйе қураушыларын анықтап, олардың байланысын бейнелеуі (2-бөлім, § 2.1) дәлелді шыққан.</i></p> <p>Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген <i>үшінші нәтижесі жаңа, өйткені аталған педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау ерекшеліктерін айқындауы «болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы дегеніміз олардың бұл іс-әрекеттің мәнділігін түсінуін, педагогикалық бақылауды жүзеге асыру алгоритмі бойынша кәсіби даярлық білімдері мен іскерліктерінің жиынтығын, оларды практикада қолдана білуімен анықталатын кәсіби мәнді тұлғалық қасиетінің қалыптасуын құрайтын күрделі біртұтас білім» деп өз анықтамасын беруі құптарлық (2-бөлім, § 2.2). Сонымен қатар, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау қалыптастыруды тұжырымдамалық-</i></p>
--	--	---

		<p>мақсаттық, когнитивтік-процессуалдық, нәтижелілік-бағалаушылық түрғыдан қамтамасыздандыратын мазмұны, бағалау өлшемдеріне сәйкес белгіленген көрсеткіштері мен деңгейлері қамтылған құрылымдық-мазмұндық моделі (2 бөлім, §2.3) және оны жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық, ұйымдастыруышылық-әдістемелік шарттары айғақтайды.</p> <p>Зерттеу жұмысының <i>төртінші нәтижесі</i> - оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлау әдістемесі жаңа. Өйткені әдістеме автор белгілеген кезеңді ақыл-ой іс-әрекетін кезеңдеп қалыптастыру құрылымына сәйкес анықтайды және оны жүзеге асырудың жаңа мазмұнын, педагогикалық тапсырмаларды, оқытудың инновациялық әдістері мен құралдарын, ұйымдастыру формаларын қамтиды (3-бөлім, §3.2).</p>
5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?	1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	5.2. Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ізденуші зерттеу жұмысын қорытындылай отырып, тақырып бойынша әлі де жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттігін түсінетіндігін, себебі, оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың өзіндік бақылауды ұйымдастыруы, оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеттері мен оның нәтижелерін критериалды бағалауды жүзеге асыру, бақылау-бағалау іскерліктерін жетілдіру және т.б. проблемалар зерттеудің өзекті мәселесіне айналатындығын көрсетеді.
5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық		Диссертациялық жұмыс гуманитарлық ғылым бойынша орындалғандықтан технологиялық

		<p>немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жана;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>қамтамасыздандырылған, өйткені, «Дене шынықтыру мен спорт саласындағы педагогикалық үдерісті бақылау» атты элективті курс бағдарламасы; «Оқушыларды дене тәрбиесіне баулуда бақылауды жүзеге асыру», «Гимнастиканы оқыту әдістемесі» атты оқу күралдары; педагогикалық тапсырмалар (сұрақтар, тесттік тапсырмалар, оқу тапсырмалары, оқу міндеттері; бағалау және сынаматест үлгілері) оқушылардың оқу жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды даярлаудың ғылыми-әдістемелік негізdemесі тәжірибелік-эксперимент материалдарымен дәйектелген, нәтижелері отандық, шетелдік халықаралық конференцияларда баяндалған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	6.Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негіздел меген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған нәтижелердің негізі бар және шынайы деп қарауға болады. Себебі, зерттеудің әдіснамалық негіздері мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға және ғылыми теорияларға негізделуімен және қарастырып отырған ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін нақтылаумен, сонымен қатар әртүрлі ғылымдар саласындағы ой-тұжырымдарды саралау арқылы қол жеткізген. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен қорытындылар болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауда теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми-тәжірибелік деңгейде <u>негізделген</u> және математикалық статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған және негізгі нәтижелері 20 ғылыми-әдістемелік</p>

			еңбектерде жарияланған.
7.	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар</p> <p>7.Әр бойынша қағидат сұрақтарға келесі жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді;</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кен</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидаттар теориялық, әдістемелік және практикалық зерттеу барысында толығымен дәлелденді.</p> <p>7.2 Тривиалды емес, себебі болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауда күрделі модель жасалды.</p> <p>7.3 Ия, диссертациялық жұмыстың <i>әрір қағидасы</i> жаңа болып табылады. Өйткені <i>бірінші қағида</i> зерттеудің бағдарын және оның жүзеге асырылуын айқындастырып әдіснамалық тұғырлардың айқындалуымен, олардың мазмұндық ерекшеліктерімен дәйектелген. <i>Екінші қағида</i> авторлық анықтамаларға негізделген. <i>Үшінші қағидада</i> аталған даярлау үдерісін жүзеге асыратын тұжырымдамалық-мақсаттық, когнитивтік-процессуалдық, нәтижелік-бағалаушылық бөліктерінің бірлігі, оның жүзеге асу нәтижесін өлшейтін көрсеткіштері мен деңгейлерін қамтитын авторлық құрылымдық-мазмұндық модель ұсынылған және қамтамасыз етудің психологиялық-педагогикалық, ұйымдастырушылық-әдістемелік шарттары айқындалған. <i>Төртінші қағидада</i> авторлық әдістеме негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.4 Диссертациялық жұмыстың қолданбалық деңгейі зерттеу пәні бойынша жаңа білімді ұсынады, болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлауда қолданылу ауқымы кең.</p> <p>7.5. Диссертацияның негізгі қағидалары 18 мақалада жарық көрген. А.И.Исаев</p>	

			<p>зерттеу нәтижелерін әр деңгейлі конференцияларда баяндаған. Мәселен, Педагогикалық үдерісте практикалық іс-әрекеттерді бақылау // Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, «Ұлы Дағындық жеті қыры» және қазақ руханияты» тақырыбына арналған «Өзбекәлі Жәнібек Оқулары - 2019» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, 8 сәуір, - Түркістан. 2019. 316-321 бб.; Болашақ мұғалімдердің окушылардың оку нәтижелерін бағалауға дайындығын қалыптастыру мәселелері // 21 ғасырдағы кәсіби білім беруді дамытудың мәселелері мен болашағы. 10–11 сәуірдегі IX Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы, - Мәскеу. – 2019, 32-35 бб., т.б.</p>		
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия;</u></p> <p>2) жок</p>	<p>Аталған даярлауды жүзеге асыруда жетекшілікке алатын әдіснамалық тұғырларды (үдерістік, жүйелік, іс-әрекеттік, тұлғалық, құзыреттілік) айқындауды да ұтымды шыққан (1-бөлім, § 1.2).</p> <p>Әдістері дұрыс таңдалған және тиімділігі дәйектелген.</p>	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандалықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу барысында тәжірибелік-эксперимент жұмысы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеттерінде ұйымдастырылған. Зерттеу барысында сауалнама, тестілеу бойынша алынған нәтижелерді өңдеудің математикалық-статистикалық әдістерін қолданып, тиісті ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Зерделеу</p>

	<p>1) ия; 2) жок</p>	барысында, бақылау, сұхбат, сұрап жауап, тест және әр түрлі диагностикалық әдістемелер қолданылған және пайдаланылған (3-бөлім. § 3.1, 3.3).
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок</p>	Автордың «модель» ұғымы, оның әрбір құрамдас бөліктері қарастырылған психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жасаған талдауымен, классикалық педагогикалық еңбектерді басшылықта алудың қамтамасыз етілген. Сондай-ақ болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оку-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлаудың күрылымдық-мазмұндық <i>моделін</i> жасауы және оны тиімді жүзеге асырудагы психологиялық-педагогикалық, үйімдастырушылық-әдістемелік шарттарын анықтауы, аталған модельдің тұжырымдамалық-мақсаттық, когнитивтік-процессуалдық, нәтижелік-бағалаушылық бөліктерден тұруы: <i>тұжырымдамалық-мақсаттық</i> бөліктегі маман даярлауға әлеуметтік тапсырыс, аталған процестің мақсаты, негізге алынатын әдіснамалық тұғырлар мен қағидалар; <i>когнитивтік-процессуалдық</i> – даярлау үдерісінің мазмұны, формалары, әдістері, құралдары (әдістемелік қамтамасыз етілуі); <i>нәтижелік-бағалаушылық</i> бөліктегі өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталуы және олардың негізделуі ұтымды шыққан. Диссертацияда оларға жан-жақты сипаттама берілген.
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара</p>	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.

		расталған / расталмаған	
		8.5 Пайдаланылға н әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткілікс</u> із	Пайдаланылған 309 әдебиеттер тізімі саралаумен және шолуға жеткілікті.
9	Практика лық құндылы қ принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок	<p>Диссертацияның <i>теориялық маңызы</i> бар. Себебі: болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мәселесі болашақ мұғалімдерді, оның ішінде спорт педагогтарын көсіби даярлау, оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауды тиімді үйімдастыру маңыздылығымен анықталған.</p> <p>Автор зерттеу проблемасының теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындаپ, «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекеті», «оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылау», «болашақ жаттықтырушы-оқытушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлығы» үғымдарын нақтылаған, олардың мәні мен мазмұнына сипаттама берген. Сондай-ак, моделін жасауымен және оны жүзеге асырудағы психологиялық-педагогикалық, үйімдастырушылық-әдістемелік шарттарын анықтауымен, кезеңдермен жүзеге асатын әдістемесін жасауы зерттеудің теориялық құндылығының жоғары екендігін дәлелдейді.</p>
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жок	<p>А.И.Исаевтың диссертациясының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p> <p>Оған дәлел, болашақ жаттықтырушы-оқытушыларды оқушылардың оқу-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау мақсатында жасалған: «Дене шынықтыру мен спорт</p>

			<p>саласындағы педагогикалық үдерісті бақылау» атты элективті курс бағдарламасы; «Оқушыларды дene тәрбиесіне баулуда бақылауды жүзеге асыру», «Гимнастиканы оқыту әдістемесі» атты оқу күралдары; педагогикалық тапсырмалар (сұрақтар, тесттік тапсырмалар, оқу тапсырмалары, оқу міндеттері; бағалау және сынама-тест үлгілері); «Қазіргі жағдайдағы жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық қызметі» атты педагогтарға арналған семинар бағдарламасы аталған проблеманы нәтижелі шешуге ықпал етеді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>9.3. Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Әсіресе автор әзірлең, эксперименттік тәжірибeden өткізген - «Дене шынықтыру мен спорт саласындағы педагогикалық үдерісті бақылау» атты элективті курс бағдарламасы; «Қазіргі жағдайдағы жаттықтырушы-оқытушының педагогикалық қызметі» атты педагогтарға арналған семинар бағдарламасы, педагогикалық тапсырмалар (сұрақтар, тесттік тапсырмалар, оқу тапсырмалары, оқу міндеттері; бағалау және сынама-тест үлгілері) диссертанттың негізгі қағидаларының ЖОО деңгейде ұсынылуы айғақтайды.</p> <p>Зерттеу материалдарын болашақ спорт педагогтарын даярлайтын білім беру үйымдарында, дene шынықтыру және спорт саласы бойынша жалпы білім беретін мектептердің, колледждердің тәжірибесінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.</p>
10	Жазу және ресімдеу	10.Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары;</u>	А.И.Исаев академиялық жазуға төсөлген, ғылыми стильді ұстанып зерттеу жұмысын орындаған.

сапасы	<p>2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың құрылымын рәсімдеу белгіленген талаптарға сәйкес орындалған. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс жүйелі түрғыда жазылған және академиялық жасу сапасы жоғары.</p>
--------	---	--

Шешім: Зеттеудің өзектілігін, ғылыми жаңалығын және алынған нәтижелердің маңыздылығын ескере отырып, Абдінабі Исаевтың 6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Болашақ жаттықтыруыш-оқытушыларды оқушылардың оку-жаттығу іс-әрекетін педагогикалық бақылауға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры,
педагогика докторы

Г.А.Муратбаева

